

«Иқан» жалпы орта мектебі педагог-психологтарының 2022-2023 оқу жылындағы жарты жылдық

ЕСЕБІ

2022-2023 оқу жылының басында жылдық жоспар жасап бекітілді. 2022 жылдың тамыз айынан бастап мектеп жасына келген балалардың оқу даярлығын анықтау мақсатында бастауыш сыныпқа қабылданған балаларға мектептің күн тәртібіне бейімделуіне арнап психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.



Ата-аналардың психологиялық білімдері жетілдіріліп отырылды.



1- сынып оқушыларынан «Кернь-Йерасек» тесті, «Оқу қабілетін зерттеу» әдістемелері алынып нәтижесі бойынша хаттама толтырылды.






Жаңа оқу жылының басталуына байланысты 1-4 сынып оқушыларының бейімделуіне орай психологиялық жұмыстар жүргізілді. «Баланың басты - ұстазы ата-ана» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді. «Баланың сабаққа деген мотивациясын қалай көтеруге болады?» ата-аналарға кеңестер берілді.



Оқушылардың диагностикалық картасы және сыныптың педагогикалық-психологиялық паспорты толтырылды. 1-сынып оқушыларының темпераменттері анықталды. Холерик және меланхолик типтегі оқушыларды үнемі бақылап жүру сынып жетекшілеріне және пән мұғалімдеріне айтылды.



5-11 сынып оқушыларынан аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Бес терек» жобасы аясында кабинеттік талдау жүргізілді.

5-11 сыныптар арасында жалпы оқушылар саны - 802

Тәуекел топқа алынған оқушылар саны - 472

Қауіпті жасыл деңгейде 1 маманда тіркеуде: 456

Қауіпті сары деңгейде 2-3 - маманда тіркеуде: 16 оқушы

Қауіпті қызыл деңгейде 4 - маманда тіркеуде: жоқ.

Оқушылардың арасында 18 оқушының туыстары суицид болған, Д есепте 23 оқушы алынған, ата-анасы ажрасқандар 27 оқушы, ата-анасы қайтыс болған 39 оқушы, өгей ата-анамен тұратын 2 оқушы анықталды. Тәуекел топдағы оқушылардың қажетіне қарай ата-аналармен сөйлесіліп кеңестер берілді және бос уақытын үнемді өткізу үшін үйірмелерге жіберілді.



5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңіне өткізу бойынша жұмыстар жүргізілді және сынып жетекшілерімен түсіндірме жұмыстар жүргізілді.



5-сынып оқушыларының бейімделуіне байланысты ата-аналармен және пән мұғалімдерімен психологиялық жұмыстар жүргізілді, «Бала ата-ананың басты қуанышы» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді.



Сынып жетекшілер және ата-аналар арасында «Буллинг» дегеніміз не? Кәмелет жасқа толмағандар арасында тұрмыстық зорлық – зомбылықты болдырмау, алдын алу туралы түсіндірме жұмыстар жүргізілді



Ерекше назардағы оқушылардың ата-аналарына психологиялық кеңестер берілді. Жас мамандардың бейімделуіне байланысты психологиялық кеңестер беріліп отырылды. 1-5 сынып оқушыларының оқытуға бейімділігі анықтау сауалнамасының қорытындысы бойынша оқушы ата-ана, мұғалімге кеңестер берілді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға бейімделуіне қатысты алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Бастауыш сынып оқушыларымен «Достық жылы күлкіден басталады»,



«Күлкі көңіл айнасы»,



«Мейірімділік асыл қасиет»



тақырыптарында тренинг сабақтар өткізілді.
«Ұрысып қалдық», «Күн шуағы», «Отбасы суреті», «Басталдақ» әдістемелері алынды.

1-4 сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін анықтау және мектепшілік қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізілді.



Құқық бұзушылықтың, әлімжеттіліктің алдын алу бойынша жиналыс болып өтті. Жиналысқа Сауран ауданы ЖҚП, ЮПТ-ның аға инспекторы, полиция майоры Ж. Нигматуллаев, Иқан ауылдық округі әкімі аппаратының Заңгері Н. Айметов, мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілері қатысуымен кәмелетке жасқа толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстар атқарылды.




10 – сынып оқушылары арасында «Жасөспірім және заң» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Үйде оқитын оқушылармен психологиялық жұмыстар жүргізілді жаңа тоқсанға дайындықтары тексеріліп жаттығулар өткізілді.



«Мінез адам жанының айнасы» жаттығуы арқылы 1-11 сынып оқушылардың темпераменттері анықталды. 5-11 сынып оқушылары арасында 784 оқушының темпераменті анықталып, холерик тіпі 119, сангвиник 262, флегматик 261, меланхолик 131 типтегі оқушылар анықталды. Бастауыш сыныптар арасында холерик 67, меланхолик 92 болды.

Ерекше бақылауды қажет ететін оқушыларды аныптап, жеке-жеке жұмыстар алып барылды. «Өзін-өзі бағалау», «Сіздің мінезіңіз қандай?», «Менің көңіл-күйім» әдістері алынды.



Ерекше назардағы М.Ж.Д мен психологиялық жұмыстар жүргізу үшін іс-шара жасалып бекітілді. Сол іс-шара бойынша жеке және топтық жұмыстар атқарылуда. Оқушыға мінездеме жазылды. Оқушының бос уақытын үнемді пайдалану үшін шахмат үйірмесіне жіберілді. Оқушының үйінен аптасына 1 рет хабар алынып тұрылуда. Диагностикалық картасы толтырылды. «Күлкі көңіл айнасы», «Мен өзімді мақтай аламын», «Мейірімділік асыл қасиет» тақырыптарында тренинг сабақ өткізілді.





Әлеуметтік жағдайы бойынша зерттеу актісі толтырылды.

«Баспалдақ», «Графикалық диктант», «Дүниеде жоқ жануар», «Жаңбыр астындағы адам», «Сөздер жұбы» әдістемелері алынды. Сырттай бақылауда.



Үлгерімі төмен оқушылармен психологиялық жұмыстар жүргізілді. «Лабириттан шығу», «Артық затты тап», «Суреттерге қарап сөйлем құрастыру» әдістері алынды.



Дарынды оқушылармен жеке-дара тұлғалық қабілеттерін байқау, анықтау және зерттеу жұмыстарын жүргізу. «Қанекей кім зерек!», «Мен кімін?» тақырыптарында тренинг сабақтар өткізілді.



Дарынды оқушыларға байқау және жарысқа бару алдында психологиялық кеңестер беріліп отырылады.



Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша «Арыңды сақта бойжеткен», «Жыныстық өмір деген не және ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында психологиялық тренинг сабақтар өткізілді. (9-11 сыныптар) Сонымен қатар қыздарға арналған 40 кеңес берілді. Қыздардың жеке бас гигиенасы туралы 5-8 сыныптарға медбике мен бірге топтық кеңестер берілді.



«Бақыты бала, бақытты ана, бақытты отбасы, бақытты ел» тақырыбында аудандық ата-аналар комитеті және Сауран ауданы адамиәлеуетті дамыту бөлімінің басшысы А.Ү. Батырбекованың қатысуымен психологиялық семинар-тренинг өткізілді.




«Әкеге қарап ұл өсер» тақырыбында 10-сынып ұл балаларының әкелерімен психологиялық тренинг сабақ өткізілді.



«Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тақырыбында 9-сынып оқушыларының ата-аналарымен психологиялық тренинг сабақ өткізілді.



«Мектеп ата-ана, ұстаз бірлігі сапалы ұрпақ тәрбиесінің ізгі жолдары» тақырыбында бітіруші түлектердің және ҰБТ тапсыратын 11- сынып оқушыларының ата-аналарымен мектепшілік семинар-тренинг өткізілді. Семинар-тренингке Ескі Иқан ауыл округі әкімінің орынбасары Абдусаттар Расулов, Ескі Иқан округі әкімшілігінің бас маманы Умсун Муслимовалар қатысты. ҰБТ-ға дайындық кезіндегі ата-аналарға арналған кеңестер берілді және ата-аналар чатына тасталды.



«Бес терек» жобасы аясында далалық зерттеу жұмыстары алып барылды. «Сауалнама», «Эссе», «Үй, адам, ағаш» әдістемелері алынды. Барлық сыныптардан сауалнама толық алынды. Сауалнамадан шыққан оқушыларға жеке-жеке кеңестер берілді. Алынған әр бір эссе толық оқылып шығып, нәтижесінде эсселер позитивті болып шықты. «Үй, адам, ағаш» әдістемесі алынып, зерттелді және зерттеуден шыққан оқушылармен «Аяқталмаған сөйлем», «Мен кімін» әдістемелері алынды. Тәуекел топқа алынған оқушылардың бос уақытын үнемді пайдалану үшін 90 % ы спорттық секцияларға жіберілді. Сыныптарға кіріп, аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жаттығулар «Пікірталас жанжал емес», «Ой сезім мінез құлық», «Менің құқықтарым» өткізілді.



Тәуекел топтағы 9-сынып қыздарымен бірге «Кім көп кітап оқиды» жаттығуы өткізілді.




1-11 сынып оқушыларына психологиялық псапорт толтырылды.

Күйзелістің алдын алу мақсатында мектеп мұғалімдерімен «Шоколад», «Шар ойыны», «Логикалық суреттер», «Кұбыр», «Суреттер сөйлейді», «Лабиринттен шығу», «Менің сүйікті түсім» психологиялық тренингтер өткізілді.



Жас мамандардың бейімделуіне байланысты психологиялық кеңестер берілді. Мұғалімнің шыдамдылығы, әдептілігі бойынша жеке жұмыстар жүргізілді. Кеңес парақшалары таратылды.



Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас мәдениеттілігін анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті ұстазыма хат» акциясы өткізілді. Мұғалімдерге 405 хат түсіп, ең көп хат жинаған мұғалім мектеп әкімшілігі тарапынан «Мақтау қағазымен» марапатталды.



Кәсіптік бағдар беру бойынша 9-сынып оқушыларымен сауалнама алынып талқыланды. 8-11 сынып оқушыларынан «Өз құқығыңызды білесіз бе?» және «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» сауалнамалары алынды. «Біз зорлық - зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында психологиялық тренингтер өткізілді.



Әскери комиссариатқа баратын оқушыларды зерттеу, зерделеу жұмыстары жүргізіліп, әр-бір оқушыға мінездеме жазылды.



ББЖМ және ҰБТ ға қатысатын оқушыларға тест тапсыру алдында кеңестер және жаттығулар өткізілді. «ҰБТ-ға сеніммен барайық», «ҰБТ-ға қалай жақсы дайындалуға болады», «Бойдағы қорқынышты төмендету» дамыту сабақтары өтілді.



Мектеп ата-аналар жиналысында тренингтер өткізілді.



Дайындаған: Х. Мамбетова

У.Алимова